3. Абдуллин Р.К. Технологии интернет-картографирования : учебное пособие /Р.К. Абдуллин, А.И. Пономарчук; Пермский государственный национальный исследовательский университет. – Пермь, 2020. – 132 с.: ил.

4. Алексеева Н.Н., Климанова О.А., Наумов А.С. Сравнительный анализ высшего географического и эколого-географического образования в России и странах Зарубежной Европы. Вестн. Моск. ун-та. Сер. 5. География. 2014. № 3. Баранский Н.Н. Методика преподавания экономической географии. М., 1990.

5. Eija Yli-Panula, Eila Jeronen and Piia Lemmetty (2020) Teaching and Learning Methods in Geography Promoting Sustainability <https://doi.org/10.3390/educsci10010005>

6. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

7. Абага Ада Б. Ондо. «Особенности и свойства современных информационных технологий». // Студенческий научный форум – 2017, Санкт-Петербургский национальный исследовательский университет информационных технологий, механики и оптики, 15.07.2017. <https://scienceforum.ru/2017/article/2017033650>, 04.11.2022 ж бұл ақпарат қаралды.

8. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері. Оқулық. – Алматы, 2014 ж. /Авторлар ұжымы: Е.Ы. Бидайбеков, В.В. Гриншкун, Г.Б. Камалова, Д.Н. Исабаева, Б.Ф. Бостанов/ Оқулық. – Алматы, 2014. – 352 б.

9. Лайсханов Ш.У., Каймулдинова К.Д., Алиасқаров Д.Т., Усенов Н.Е., Исаков Е.Д. Географиялық білім берудегі геоақпараттық технологиялар мен ресурстар: электрондық оқу құралы

10. Kerski, J. J. 2003. The implementation and effectiveness of GIS in secondary education. *Journal of Geography* 102 (3): 128–137. <https://doi.org/10.1080/00221340308978534>

11. Jo, I., J. E. Hong, and K. Verma. 2016. Facilitating spatial thinking in world geography using web-based GIS. *Journal of Geography in Higher Education* 40 (3): 442–459. <https://doi.org/10.1080/03098265.2016.1150439>

12. Manson, S., J. Shannon, S. Eria, L. Kne, K. Dyke, S. Nelson, L. Batra, D. Bonsal, M. Kernik, J. Immich, and L. Matson. 2013. Resource needs and pedagogical value of web mapping for spatial thinking. *Journal of Geography* 113 (1): 1–11. <https://doi.org/10.1080/00221341.2013.790915>

13. Milson, A., and J. Kerski. 2012. Around the world with geospatial technologies. *Social Education* 76 (2): 105–108.

14. Джозеф Дж. Керски (менеджер по образованию) (2019) Преподавание демографии и демографических изменений с использованием инструментов и данных веб-ГИС, *Учитель географии*, 16:3, 126-132, <https://doi.org/10.1080/19338341.2019.1619608>

References:

1. *Demography: studies. the manual / A.I. Shcherbakov, M.G. Mdinradze, A.D. Nazarov, E.A. Nazarova ; under the general editorship of Dr. of Economics, Professor A.I. Shcherbakov. — M. : INFRA-M, 2017. — 216 b.*
2. "Turakty damu conceptionany negizgi 17 maksaty". URL: <https://www.un.org/sustainabledevelopment/sustainable-development-goals>
3. Abdullin R. K. *Technologies of Internet mapping : a textbook /R.K. Abdullin, A.I. Ponomarchuk; Perm State National Research University. – Perm, 2020. – 132 p.: ill.*
4. Alekseeva N.N., Klimanova O.A., Naumov A.S. *Comparative analysis of higher geographical and ecological-geographical education in Russia and countries of Foreign Europe. Vestn. Moscow. Univ. Ser. 5. Geography. 2014. No. 3.* Baransky N.N. *Methods of teaching Economic Geography. M., 1990.*
5. Eija Yli-Panula, Eila Jeronen and Piia Lemmetty (2020) *Teaching and Learning Methods in Geography Promoting Sustainability* <https://doi.org/10.3390/educsci10010005>
6. *Bilim beru uyymdaryna elektrondyk okytu zhuyesin engizu zhagdayinda pedagogtardyn biliktigin arttyrudu uyymdastyru adistemesi / Akhmetova G.K., Karaev J.A., Mukhambetzhanova S.T. // Almaty: AK "UBAO "Orleu", 2013.*
7. Abaga Ada B. Ondo. "Features and properties of modern information technologies". // *Student Scientific Forum – 2017, St. Petersburg National Research University of Information Technologies, Mechanics and Optics, 07/15/2017.* <https://scienceforum.ru/2017/article/2017033650> , 04.11.2022 zh bul akparat karaldy.
8. *Bilimdi akparattandyр zhane okytu maseleri. Okulyk. - Almaty, 2014. /Author of the uzhy my dictionary: E.Y. Bidaibekov, V.V. Grinshkun, G.B. Kamalova, D.N. Isabaeva, B.G. Bostanov/ Okulyk. – Almaty, 2014. – 352 b.*
9. Layshanov Sh.U., Kaimuldinova K.D., Aliaskarov D.T., Usenov N.E., Isakov E.D. *Geografyalyk bilim berudegi geoakparattyk technologiylar men resursstar: elektrondyk oku kuraly*
10. Kerski, J. J. 2003. *The implementation and effectiveness of GIS in secondary education. Journal of Geography 102 (3): 128–137.* <https://doi.org/10.1080/00221340308978534>
11. Jo, I., J. E. Hong, and K. Verma. 2016. *Facilitating spatial thinking in world geography using web-based GIS. Journal of Geography in Higher Education 40 (3): 442–459.* <https://doi.org/10.1080/03098265.2016.1150439>
12. Manson, S., J. Shannon, S. Eria, L. Kne, K. Dyke, S. Nelson, L. Batra, D. Bonsal, M. Kernik, J. Immich, and L. Matson. 2013. *Resource needs and pedagogical value of web mapping for spatial thinking. Journal of Geography 113 (1): 1–11.* <https://doi.org/10.1080/00221341.2013.790915>
13. Milson, A., and J. Kerski. 2012. *Around the world with geospatial technologies. Social Education 76 (2): 105-108.*
14. Joseph J. Kersky (Education Manager) (2019) *Teaching Demography and Demographic Change using Web GIS Tools and Data, Geography Teacher, 16:3, 126-132,* <https://doi.org/10.1080/19338341.2019.1619608>

Р.Н. Жолболсынов, Н.Д. Шакирова*
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Соңғы жылдары ұлттық байлықтың құрамдас бөлігі болып табылатын адами капиталды дамытуға көбірек көңіл бөлінуде. Олардың қатарында халықты әлеуметтік қорғау, адам денсаулығы, отбасылық қарым-қатынастың жақсаруы, аудан мекемелерінің дамыған қызметі және білім беру жүйесіндегі түбегейлі өзгерістер бар екені қарастырылады. Сонымен қатар, адами капитал – экономиканы, қоғамды және оның негізгі буыны – отбасын, еңбек ұжымының білімді бөлігін, өмір бойы және еңбек жолында ақылға қонымды басқару қабілетін қарқынды дамытатын басты күш екені көрсетіледі.

Кез келген мемлекет пен қоғамда адами капиталдың қалыптасуы адамның дені сау дамуы, оның тууы, адам және оның тұлға деңгейінде жетілуі сияқты көптеген процестерді қамтиды. Олардың қатарында аналар мен балалардың тыныштығы мен денсаулығына, салауатты отбасы ортасына, мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің басқа да түрлерін қамтитын кешенді білім беру жүйесіне, олардың сапасы мен тиімділігіне бағытталған күшті әлеуметтік қорғау саясаты бар.

Осы орайда көптеген экономистердің пікірінше, білім адами капиталды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бүгінгі таңда білім компанияның нарықта табысқа жетуінің, ел экономикасының өсуі мен ғылыми-техникалық әлеуетін арттырудың басты факторына айналуға. Сонымен қатар, халыққа білім беру мемлекеттің міндеттемелерінің бірі ғана емес, елдің экономикалық дамуының күшіне айналуы қажет. Себебі білімнің қоғамдық дамуда атқаратын орны анықталмай, ешқандай стратегия құрылмайды деуге болады.

Мақаланың жазылу мақсаты еліміздегі әлеуметтік-экономикалық даму жолын ішкі жалпы өнімнің өсуі деп қана емес, халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатының нақты жоғарылауы деп түсіну керектігін ұғындыру. Біз үшін және еліміз үшін ең маңыздысы бұл «экономикалық өсу жолын жеделдету», түрлі технологияларды жаңғырту, еліміздің ішкі әлеуметтік тұрақтылығы мен елдің жаһандық позициясын нығайту мақсатында, Қазақстан Республикасындағы адами капиталдың дамуын сапалы және сандық жағынан дамыту барысында білім беру саласының әлеуетін арттыру қажет екені айқындалады.

Еліміздің президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халқына жолдауында «адами капиталды дамыту, жаңа үлгідегі білім саласына инвестиция тарту мәселесіне маңыз беріп, басты бағыт етіп ұсынды. Бұл ұлттық саясаттың табиғи ресурстарға сеніп қалмай адами капиталды орнықты дамытуға негізделгені» деп пікірін жолдаған болатын.

Жазылып отырған мақаланың да өзектілігі осында: яғни, қазіргі уақытта адами капиталды дамытудың рөлі қандай және қандай деңгейге жетіп отыр, сонымен бірге адами капиталды дамытудағы білім берудің рөлінің маңызы қаншалықты деген мәселелерді қарастыруға бағытталып отыр.

Мақалада күтілетін нәтижелер: адами капиталды дамытудағы білім беру жүйесінің орны мен маңыздылығы анықталады.

Түйін сөздер: адами капитал, білім, білім деңгейі, адам факторы, педагогикалық білім беру тұжырымдамасы.

*Жолболсынов Р.Н. *; Шакирова Н.Д.
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

РОЛЬ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ В РАЗВИТИИ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА

Аннотация

В последние годы все больше внимания уделяется развитию человеческого капитала, которая является составляющей национального богатства. В их число можно отнести такие показатели, как социальная защита населения, здоровье человека, улучшение семейных отношений, развитая деятельность учреждений района и кардинальные изменения в системе образования. Также, человеческий капитал – это основная сила, интенсивно развивающая экономику, общество и его основное звено – семью, образованную часть трудового коллектива, способность разумно управлять на протяжении всей жизни и на протяжении всей трудовой деятельности.

Формирование человеческого капитала в любом государстве и обществе включает в себя множество процессов, таких как здоровое развитие человека, его рождение, и все этапы его становления как личности. Сюда относим сильную политику социальной защиты, направленную на спокойствие и здоровье матерей и детей, здоровую семейную среду, комплексную систему образования, включающую дошкольное воспитание и другие виды образования, их качество и эффективность.

Многие экономисты считают, что образование играет решающую роль в формировании человеческого капитала. Сегодня образование становится основным фактором успеха компании на рынке, роста экономики страны и увеличения ее научно-технического потенциала. При этом народное образование является не только одной из обязанностей государства, но и главной силой экономического развития страны. Ни одна созданная стратегия не будет работать, не обособив роль образования в общественном развитии.

Цель написания статьи – понять, что под социально-экономическим развитием страны следует понимать не только рост валового внутреннего продукта, но и реальное повышение качества жизни и благосостояния населения людей. В таких условиях, мы считаем, что сейчас самое важное для нас и нашей страны – «ускорить путь экономического роста», модернизировать различные технологии, укрепить внутреннюю социальную стабильность и глобальные позиции страны, повысить потенциал сферы образования. Анализируя ход качественного и количественного развития человеческого капитала в Республике Казахстан выявляем ее важность.

Президент Касым-Жомарт Токаев в своем Послании народу подчеркнул важность «развития человеческого капитала, привлечения инвестиций в образование нового типа». Это связано с тем, что национальная политика основана на устойчивом развитии человеческого капитала, не полагаясь на природные ресурсы».

Актуальность написанной статьи заключается в том, какова роль развития человеческого капитала и какого уровня он достиг, и в то же время она направлена на рассмотрение вопросов о том, насколько важна роль образования в экономике. развитие человеческого капитала.

Данная статья актуальна тем, что рассматривает вопросы важности роли образования для развития человеческого капитала, а также делает попытки определения ее роли и уровня развития.

Ожидаемые результаты статьи: определено место и значение системы образования в развитии человеческого капитала.

Ключевые слова: человеческий капитал, образование, уровень образования, человеческий фактор, концепция педагогического образования.

*Zholbolsynov R. *, Shakirova N.
Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

EDUCATION IN THE DEVELOPMENT OF HUMAN CAPITAL THE ROLE OF THE SYSTEM

Abstract

In recent years, more attention has been paid to the development of human capital, which is a component of national wealth. Among them, it is considered that there are social protection of the population, human health, improvement of family relations, developed activities of district institutions and fundamental changes in the education system. At the same time, it is shown that human capital is the main force that rapidly develops the ability to manage the economy, society and its main generation the family, the educated part of the labor team, throughout life and in the career path.

The formation of human capital in any state and society includes complex processes in the womb under the influence of many factors, such as the healthy development of a person, his birth, development at the level of a person, person and personality. Among them, there is a strong social protection policy aimed at the peace and health of mothers and children, a healthy family environment, a comprehensive education system that includes pre-school education and other types of education, and their quality and effectiveness.

In this regard, according to many economists, education plays a decisive role in the formation of human capital. Today, education is becoming the main factor for the success of the company in the market, the growth of the country's economy and the increase of its scientific and technical potential. At the same time, public education is not only one of the obligations of the state, but it should become a force of economic development of the country. Because the role of education in social development is not determined, it can be said that no strategy is created.

The purpose of the article is to understand socio-economic development not only as an increase in the gross domestic product, but as a real increase in the quality of life and well-being of the people. The most important thing for us is that it is necessary to increase the potential of the education sector for the qualitative and quantitative development of Kazakhstan's human capital in order to accelerate economic growth, technological modernization, social stability and strengthening the country's global position.

President Kassym-Jomart Tokayev, in his address to the people, emphasized the issue of "developing human capital, attracting investment in the field of education of a new type and proposed it as the main direction. «This national policy is based on the sustainable development of human capital without relying on natural resources» he said.

Expected results in the article: that is, what is the role of human capital development and what level it has reached, and at the same time, it is aimed to consider the issues of how important is the role of education in the development of human capital.

Expected results of the article: The place and importance of the education system in the development of human capital is determined.

Keywords: human capital, education, level of education, human factor, concept of pedagogical education.

Негізгі ережелер. «Адами капиталды дамытудағы білім беру жүйесінің рөлі» тақырыбындағы мақаланың негізгі ойы адами капиталды дамытудың негізгі драйвері ретінде білім берудің қаншалықты маңызды екендігі, адами капиталды дамытуда білім беру жүйесі қалай әсер етуде және қандай жұмыстар жүргізілуде және қандай әдіс-тәсілдер қолданылу үстінде соған басты назар аударылды. Білім беру жүйесінің адами капиталды дамытуда жеткен


нәтижесі қаншалықты деңгейде барлығына тоқталдық. Зерттеу, талдау, салыстыру, әдіс-тәсілдері арқылы кейбір мәселелер табылды және шешімін табу үшін бірқатар ұсыныстар қарастырылды.

Кіріспе. Адами капиталды біз қалай түсінсек болады – бұл кез келген елдің және мемлекет экономикасының әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін және мемлекеттік органдардың, заң шығарушы және атқарушы билік органдарының қызметіне күшті әсер ететін фактор болып табылатын жинақталған қабілеттердің, дағдылар мен мақсаттардың жиынтығы [1].

Екінші жағынан адами капитал – адамға, оның өмір сүру сапасына, оның ақыл-ой еңбегінің жағдайлары мен құралдарына, оның өмір сүру және еңбек ету ортасына салынған инвестиция. Адами капиталдың өзегі – білім және кәсібилік. Адами капитал жеке адам мен мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар отбасы мен қоғамның экономикалық дамуының факторы болып табылады [2].

Елімізде 24 Тамыз 2023 жыл «Адами капиталдың дамуы – ел экономикасы өсуінің негізі» атты Ғылым және жоғары білім министрлігінің ұйымдастыруымен білім және ғылым форумы өткен болатын. Бұл форумда ғылым мен жоғары білімнің даму мәселелері Мемлекет басшысының – жіті назарында екені айтылып алдағы уақытта Қазақстанның жоғары білім және ғылым саласындағы ұстанымдарын нығайту керек деп нақты пікір білдірген болатын. Бұл ойда адамның дамуын алға тартып отырғаны сөзсіз себебі білімді халық әрқашан қабілетті болып келетіні анық және халқымыздың бұл тұрмыс жағдайына да едәуір әсер етері белгілі [3].

Қазіргі уақытта Қазақстанда әлеуметтану және әлеуметтік философияда бұл үрдіс қоғам өмірінің стратегиялық маңызды саласы ретінде танылып отыр сонымен бірге бұл мемлекетіміздің ұлттық басымдылығы ретінде қарастырыла бастады деуге болады. Бұған мысал ғылыми зерттеулерге сүйенсек, адами капиталды қалыптастыратын көптеген факторлар бар және олардың маңыздылығы да ерекше орын алады, және олар мынадай құрылымға ие (сурет -1):



Сурет - 1. Адами капиталды қалыптастыратын факторлардың құрылымдық көрсеткіші

Осы орайда адами капиталды қалыптастыруда және оның тиімділігін арттыруда білімнің жетекші орын иеленетіні айдан анық екенін білсекте болады [4].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Білім берудің адамдық капиталды қалыптастырудағы рөлін зерттеу жұмысы кезінде Берунидың жазған мәліметтеріне назар аударылды. Беруни елдің әл-ауқаты ондағы ғылымның жағдайы мен дамуына байланысты екенін атап көрсеткен мәліметтерге кез болдық. Оның ойынша, адамның ең үлкен бақыты – білімге ие болу, өйткені оған ақыл-парасат берілген. Бақытты осылай түсіну ғана қоғамдағы тыныштық пен тыныштыққа әкеледі. «Адам шынайы ләззатқа қаншалықты көп қол жеткізсе, соғұрлым ол осы ләззатты шынымен сезінеді. Адамның жаны білмегенін білгенде де солай болады» деп, адамның ең жоғарғы парызы – басқаларға, әсіресе кедейлерге қамқорлық жасау делінген екен [3]. Міне осындай сөздердің астары да білімге адамның дамуына негізделіп отырғаны белгілі екенін көріп отырмыз. Яғни білім – адам дамуының маңызды құрамдастарының бірі. Ол қоғамның маңызды мәселелерін шешуде де шешуші рөл атқарады. Қазақстанда бұл мәселеге көп көңіл бөлінуде. Дене және рухани жағынан дамыған ұрпақ тәрбиелеу – жалпыұлттық міндет және қазіргі саясаттың басты назарында [5].

Сонымен бірге біз мақаланың зерттеу жұмысында көптеген экономистердің пікірін қарастырдық, олардың ойынша білім адами капиталды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бүгінгі таңда білім компанияның нарықта табысқа жетуінің, ел экономикасының өсуі мен ғылыми-техникалық әлеуетін арттырудың басты факторына айналуда. Біздің заманымызда бәсекелестік елдің жер көлеміне де, табиғи ресурстармен де, қаржылық капиталдың күшімен де анықталмайды. Ендігі кезекте дүниежүзі елдерінің барлығы дерлік жаһандану үрдісінде көп жағдайды білім деңгейі мен қоғамның жинақтаған білім көлемі арқылы шешетін болады [6].

Қазіргі уақытта жаһанданудың тереңдеу жағдайында ғылымның, техниканың және мәдениеттің дамуының маңызды факторы ретінде білім беру жүйесіне сұранысты кеңейту, оның мазмұнын, формасын және оқыту әдістерін жетілдіру қажеттілігі артуда. Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейінгі орнықты даму бағдарламасының инклюзивті, әділ және сапалы білім беруді қамтамасыз етуге және өмір бойы білім алуға жәрдемдесуге бағытталған мақсаттары әлемдік тәжірибені зерделеу негізінде білім беру жүйесін дамыту және жетілдіру үшін маңызды екені қарастырылған [7].

Нәтижелер және талқылаулар. Білім жеке, әлеуметтік және экономикалық өсу мен дамудың негізгі драйвері болып табылады деп анық айтқа болады. Ол адам тұлғасының дамуының негізгі қажеттіліктерінің қатарына кіреді және әркімнің ажырамас құқығы болып табылады. Жалпы қоғамға және оның мүшелеріне елдің экономикалық игілігін пайдалануға, еңбек нарығында жоғары позицияға және жоғары табысқа ие болуға мүмкіндік беретін ең жақсы білім беру екенін естен шығармау қажет [8].

Адам өз мамандығының білімінің, іскерлігі мен дағдысының арқасында бағаланады, қоғамда құрметке ие болады. Осы тұрғыдан алғанда, елімізде білім беруді дамыту, азаматтардың танымал маман болып қалыптасуына қолдау көрсету, олардың әлеуетін іске асыруға жағдай жасау мемлекеттік қоғамның басым бағыттары екенін атап өткен жөн. Үздіксіз білім беру жүйесін одан әрі жетілдіруге, жоғары сапалы білім беру қызметтерін көрсетуге және еңбек нарығының заманауи талаптарына сәйкес жоғары білікті кадрларды даярлауға ерекше көңіл бөлінеді [9].

Қазіргі уақытта барлық елдер барынша даму жолына ұмтылып отыр. Бірақ қандай критерийлер бойынша және әлемде қай ел жақсы, қайсысының дамуы төмен екенін анықтауға болады? «Даму» және «прогресс», «даму» және «әлеуметтік-әділеттілік», «даму» және «теңдік», «даму» және «тұрақтылық» ұғымдарының арасында қандай байланыс бар? Бұл сұрақтардың жауабы дамудың басты мақсатын қалай анықтауға болады, ол байлық жинау ма, жоқ па – адамдардың әл-ауқатын арттыру, баршаға бостандық пен әлеуметтік қорғау үшін жағдай жасау, шығармашылық пен шығармашылық үшін тиісті жағдай жасау. тиімді жұмыс. Еңбек, адам мен табиғаттың қатар өмір сүруі мәселелердің қалай шешілетініне байланысты [10].

Қазіргі жаһандану жағдайында білімнің рөлі өзгерді: білім мемлекет дамуының анықтаушы факторына айналды. БҰҰ Даму бағдарламасы аясында жүргізілген зерттеулердің келесі нәтижелері де білім деңгейі мен елдің дамуы тікелей байланысты екенін көрсетеді. Адами капитал индексі денсаулық сақтауда мен білім беруде жұмысшылардың еңбек өнімділігіне қарай анықтайды.

Осы орайда зерттеу жұмысы кезінде әлем елдерінің білім дамуының рейтингтерін қарыстырған болатынбыз (кесте -1) [11]:

Кесте 1 - Әлем елдерінің білім деңгейі индексі бойынша рейтинг көрсеткіші (2018 жыл)

РЕЙТИНГ	ЕЛДЕР	Индекс
1	Германия	0,946
2	Австралия	0,923
3	Жаңа Зеландия	0,923
4	Дания	0,920
5	Норвегия	0,919
6	Исландия	0,918
7	Ирландия	0,918
8	Ұлыбритания	0,916
9	Финляндия	0,915
10	Швеция	0,914
11	Нидерланды	0,906
12	АҚШ	0,899
13	Швейцария	0,896
14	Бельгия	0,893
15	Словения	0,893

Кестеге назар аударып қарасақ, білім деңгейі жоғары елдер тізімінде (алғашқы 15-те) артта қалған, немесе дамымаған ел жоқ. Тізімдегі елдердің барлығы өмір сүру деңгейі жоғары күшті елдер. Осы орайда айта кетер болсақ білім деңгейінің индексі есептеу кезінде елдердің білім саласына бөлінген қаржы, білім беру жүйесінің тиімділігі, халықтың сауаттылық деңгейі ескеріледі.

Зерттеу жұмыстарында адами капиталдың дамуындағы білім беру бағыты ерекшеленіп көрсетілген елдерді қарастырдық. Олар Финляндия, Жапония, Оңтүстік Корея елдері, бұл елдерде білім сапасын арттыру төрт бағыт бойынша жүзеге асырылады: біріншіден, мұғалімдік қызметке үздік, іріктелген, дарынды кадрларды тарту тетіктері бар; екіншіден, мұғалімдердің бастапқы жалақысын көтеру шаралары қабылданған; үшіншіден, мұғалім мамандығының мәртебесін көтеру, бұл мамандықтың тартымдылығын арттыру; төртіншіден, мұғалімдердің біліктілігін үздіксіз арттырып, оқытудың озық әдістерін меңгеруіне барлық жағдай жасалған; Міне осындай бағыттар арқылы бұл елдер әрбір балаға (тұрғылықты жеріне, дене қабілетіне қарамастан) жоғары сапалы білім алуға кепілдік беріп отыр [12]. Ендігі кезекте Қазақстан республикасының адами капиталдың рөлін дамыту бағыты қандай? деген сұрақ келеді. Еліміздің қазіргі уақыттағы адами капиталды дамытудағы білім берудегі бағыттарын талдап қарайтын болсақ:

Республиканың білім беру жүйесін реформалайтын мемлекеттік құжаттар адам факторына жаңа талаптар қойып, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар, бай материалдық, интеллектуалдық және рухани мұралар негізінде кемел тұлға тәрбиелеуге ұмтылуда. Бұл бағытта еліміз адамның кемелділігі оның рухани-тәрбиелік мүмкіндіктерімен, жалпы адамзаттық қасиеттері мен және кәсіби кемелдігімен өлшенетіндігін басты назарға алып отыр. Осы орайда біз Қазақстан Республикасының 2021 жылғы әр аймақтың орта білім деңгейі мен өңірлердегі сауатсыздық деңгейін анықтадық (кесте -2):

Кесте 2 - Қазақстан республикасы аймақтарының негізгі орта білім деңгейі мен сауатсыздық деңгейінің көрсеткіштері (2021 жыл)

№	Өңірлер атауы	Негізгі орта білім көрсеткіші	Сауатсыздық көрсеткіші
1	Ақмола	8,85	0,17
2	Ақтөбе	9,06	0,13
3	Алматы	8,33	0,13
4	Атырау	8,64	0,11
5	Батыс Қазақстан	8,72	0,15
6	Жамбыл	8,85	0,13
7	Қарағанды	8,79	0,16
8	Қостанай	8,55	0,18
9	Қызылорда	8,87	0,12
10	Маңғыстау	9,09	0,10
11	Павлодар	8,78	0,17
12	Солтүстік Қазақстан	8,57	0,19
13	Түркістан	9,40	0,11
14	Шығыс Қазақстан	9,00	0,17
15	Нұр-Сұлтан қ.	7,66	0,08
16	Алматы қ.	8,46	0,14
17	Шымкент қ.	9,20	0,11

Жоғарыда көрсетілген кесте суретіндегі еліміздің орта білім деңгейі біршама жақсарғандығы көрініп отыр алайда басқа шетелдік елдермен салыстырар болсақ айтарлықтай жақсы көрсеткішке ие болары анық. Себебі қазіргі уақытта дамыған, дамушы елдер болсын білімге басты назар аударып отырғаны анық. Сол үшінде Қазақстан алдағы уақытта тағыда білім деңгейін жақсарту үшін әліде жұмыс жасауы қажет. Қазіргі уақытта да айтарлықтай еліміз білімге басты назарын аударып отыр.

Оған себеп, бүгінде еліміздегі мұғалімдер білім беру тұжырымдамасы баланың интеллектуалдық әлеуетін дамытуға қажетті жағдай жасауға, дарынды балалармен жұмыс істеу мүмкіндіктерін кеңейтуге, олардың ой-өрісін дамытуға бағыттап отыр [13]. Айта келе біз осы жан – жақты қарастырылып жазылған мәліметтерден мына сөздерді ойымызға түйсек болады:

Адамдық капиталды дамытуда білім сапасы – қазіргі жағдайда қоғам дамуының факторы және қозғаушы күші. Білім кедейлікпен, қажеттіліктермен және әлеуметтік теңсіздікпен күресудің практикалық құралы ретінде қызмет етеді. Сонымен бірге тәрбие дүниетанымын қалыптастыруға, адамның өмір сүру жолын таңдауын кеңейтуге көмектеседі, адам мен қоғам өмірі мен қызметінің әртүрлі жақтарына әсер ету механизмін айналады деп толық айтуға болады [14].

Қорытынды. Қорытындылай келе, адами капиталды дамыту саласындағы әрекетсіздік құны өсуде. Адами капитал болмаса, елдер экономикалық өсуді қолдай алмайды, болашақтың жоғары білікті жұмыс орындарына дайындалған жұмыс күші болмайды және әлемдік экономикада тиімді бәсекеге түсе алмайды. Міне осы орыда әлем елдері білім беруді дамыту адами капиталдың дамуының негізгі қозғаушы күші ретінде қарастырып отыр. Әлем елдеріндегі білім берудің дамуы сол елдердің адами капиталының дамуына негіз болады.

Адам дамуының міндеті – әр адам өз қабілеттерін дамытатын ортаны құру және мұндай даму мүмкіндіктерін кеңейту қажет. Сонымен, адам дамуының басты мақсаты – адамдардың материалдық әл-ауқатын қамтамасыз ететін, салауатты және шығармашылық өмір сүру мүмкіндігін қамтамасыз ететін саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және экологиялық ортаны құру болып саналады. Бұл ретте адами капиталдың дамуына білімнің үлесі зор деп айтсақ болады. Яғни білімнің адам дамуы тұрғысынан адам әлеуетін айтарлықтай арттырады. Зерттеулерде көрсеткендей, білім деңгейі адам өмірінің әртүрлі аспектілеріне әсер

етеді, мысалы, денсаулық жағдайы, саяси белсенділік, білім беру бағыттарында көрініп отыр [17].

Білім – адам дамуының маңызды құрамдастарының бірі. Ол қоғамның маңызды мәселелерін шешуде де шешуші рөл атқарады. Білім беруді дамыту арқылы адамдық капиталды дамытуға болады. Білім беру саласына инвестиция құю арқылы білім беру саласына көбірек көңіл бөлу керек. Стратегиялық бағдарламалардың толық жүзеге асуын қадағалау керек.

Қазіргі уақытта экономиканың өсуіне ең тиімді жағы – бұл тиімді адами капитал экономикасы, нақтырақ айтқанда экономиканы және жалпы қаланы өндірістік фактор ретінде дамытудағы басты рөлін көрсетеді. Адами капитал елдің экономикалық өсуінің маңызды факторына, тұрақты экономикалық дамудың негізіне айналуы тиіс. Халықаралық тәжірибе адами капиталға, атап айтқанда, ерте балалық шақтан ересек жасқа дейінгі білімге инвестиция салуды растайды, олар экономика мен қоғамға, сондай-ақ елдің экономикалық өсуіне айтарлықтай табыс әкеледі. Бірақта соңғы 25 жыл ішінде адам әлеуетін дамытуда бұрын-соңды болмаған жетістіктерге қарамастан, дамушы елдерде бұл күрделі проблема ретінде әлі де сақталып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Decree M. S. M. *On the strategy of actions for the further development of the Republic of Uzbekistan //Khalk Sozi" newspaper.* – 2017. – С. 1-2.
2. A.K. Kusainov. *The role of the teacher in improving the quality of education // Man and Education, 2016, No. 1 (46), pp. 11-12.*
3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы. 24 Тамыз 2023. Адами капиталдың дамуы – ел экономикасы өсуінің негізі. [https:// prime-minister.kz/news/adami-kapitaldyn-damuy-el-ekonomikasy-osuinin-negizi-25223](https://prime-minister.kz/news/adami-kapitaldyn-damuy-el-ekonomikasy-osuinin-negizi-25223)
4. *Declaration of the World Anti-Crisis Conference // New Macroeconomic Realities - Astana (Kazakhstan), May 23-24, 2013*
5. «Ақтөбе» газеті — облыс баспасы. Адами капиталды дамыту – ұлт болашағының кепілі. 19 Маусым 2021. <https://aqtobegazeti.kz/?p=102027>
6. Dobrynin A.I., Dyatlov S.A., Tsyrenova E.D. *Human capital in a transitional economy: formation, assessment, efficiency of use.* - SPb.: Nauka, 1999.
7. Khasanova G.Kh. Nikadambaeva Kh.B., Kenjaboev Sh.Kh. *The role of education system in human capital development // East European Scientific Journal.* – 2021. – №. 2-1 (66). – С. 48-51.
8. Khasanova, G. Kh. (2019) "Comparative analysis of vocational education systems of Uzbekistan and Japan," *Central Asian Problems of Modern Science and Education: Vol. 4: Issues. 2, Article 251.* Available at: <https://uzjournals.edu.uz/capmse/vol4/iss2/251>
9. Michel R. T. *The Effect of Education on Efficiency in Consumption.* New York; National Buren of Economic Research? 1972-137 p.; Becker G. S. *Human Capital. A Theoretical and 419* <http://tsue.uz/> *Empirical Analysis with Special Reference to Education.* The University of Chicago Press. Chicago, 1993. –P.402.
10. De Munck J., Lits G. *From human capital to human capabilities //A broader normative foundation for the social investment perspective in Europe (Re-InVEST Working Paper Series, D4. 1).* Lauvain-la-Neuve: UCL/Leuven: HIVA-KU Leuven. – 2017.
11. Andersson F., Konrad K. A. *Human capital investment and globalization in extortionary states //Journal of Public Economics.* – 2003. – Т. 87. – №. 7-8. – С. 1539-1555.
12. Machin. S. 'Economics of Education Research and Its Role in the Making of Education Policy.' // *Fiscal Studies* 35 (1): 1–18. 2014.
13. Qazstat. *Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Қазақстан Республикасындағы білім беру 2021 жылғы халық санағы.* <https://stat.gov.kz/national/2021/>

14. Nafukho F. M., Hairston N., Brooks K. *Human capital theory: Implications for human resource development* // *Human Resource Development International*. – 2004. – Т. 7. – №. 4. – С. 545-551. <https://doi.org/10.1080/1367886042000299843>

References

1. Decree M. S. M. *On the strategy of actions for the further development of the Republic of Uzbekistan* // *Khalk Sozi* newspaper. – 2017. – С. 1-2.
2. A.K. Kusainov. *The role of the teacher in improving the quality of education* // *Man and Education*, 2016, No. 1 (46), pp. 11-12.
3. *Kazakhstan respublikasy premer-ministrinin resmi aqparattyk resursy*. 24 tamyz 2023. *Adami kapitaldyn damuy – el ekonomikasy osuinin negizi*. <https://primeminister.kz/news/adami-kapitaldyn-damuy-el-ekonomikasy-osuinin-negizi-25223>
4. *Declaration of the World Anti-Crisis Conference* // *New Macroeconomic Realities - Astana (Kazakhstan)*, May 23-24, 2013
5. «*aqtöbe*» gazetisi — oblys baspasy. *Adami kapitaldy damyту — ült bolaşaqynyň kepili*. 19 mausym 2021. <https://aqtobegazeti.kz/?p=102027>
6. Dobrynin A.I., Dyatlov S.A., Tsyrenova E.D. *Human capital in a transitional economy: formation, assessment, efficiency of use*. - SPb.: Nauka, 1999.
7. Khasanova G.Kh. Nikadambaeva Kh.B., Kenjaboev Sh.Kh. *The role of education system in human capital development* // *East European Scientific Journal*. – 2021. – №. 2-1 (66). – С. 48-51.
8. Khasanova, G. Kh. (2019) "Comparative analysis of vocational education systems of Uzbekistan and Japan," *Central Asian Problems of Modern Science and Education: Vol. 4: Issues. 2*, Article 251. Available at: <https://uzjournals.edu.uz/capmse/vol4/iss2/251>
9. Michel R. T. *The Effect of Education on Efficiency in Consumption*. New York; National Buren of Economic Research? 1972-137 p.; Becker G. S. *Human Capital. A Theoretical and Empirical Analysis with Special Reference to Education*. The University of Chicago Press. Chicago, 1993. –P.402.
10. De Munck J., Lits G. *From human capital to human capabilities* // *A broader normative foundation for the social investment perspective in Europe (Re-InVEST Working Paper Series, D4. 1)*. Louvain-la-Neuve: UCL/Leuven: HIVA-KU Leuven. – 2017.
11. Andersson F., Konrad K. A. *Human capital investment and globalization in extortionary states* // *Journal of Public Economics*. – 2003. – Т. 87. – №. 7-8. – С. 1539-1555.
12. Machin. S. 'Economics of Education Research and Its Role in the Making of Education Policy.' // *Fiscal Studies* 35 (1): 1–18. 2014.
13. Qazstat. *Ultyq statistika burosy. Kazakhstan respublikasy strategialyq josparlau jane reformalar agenttigi. Kazakhstan respublikasyndagy bilim beru 2021 jylgy halyq sanagy*. <https://stat.gov.kz/national/2021/>
14. Nafukho F. M., Hairston N., Brooks K. *Human capital theory: Implications for human resource development* // *Human Resource Development International*. – 2004. – Т. 7. – №. 4. – С. 545-551. <https://doi.org/10.1080/1367886042000299843>

Ұ.С. Якия*, Ш.Ш. Карбаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет,
Алматы қ., Қазақстан

ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕРІН ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақалада жаңа білім беру тәсілдері мен технологияларын енгізудің маңыздылығын көрсете отырып, географияны оқыту процесіне қойылатын өзекті талаптар талқыланады. Пәннің жан-жақтылығына сүйене отырып, авторлар білім алушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық ойлауын дамыту үшін зерттеу, сауалнама және жобалық оқыту сияқты әртүрлі оқыту әдістерін қолданудың маңыздылығын атап көрсетеді. Мақалада, сонымен қатар білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартудың құндылығы атап өтіледі, бұл оларға географиялық мәселелерді ғалымдар тұрғысынан қарастыруға және талдау мен өз бетінше ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Географияны оқыту процесінде ғылыми-зерттеу қызметінің рөлі және оның табиғатты, қоғамды және олардың арасындағы өзара әрекеттесуді түсінуге әсері егжей-тегжейлі қарастырылады. Білім алушылардың практикалық жұмыстарды орындау кезінде сабақта ғылыми-зерттеу іс-әрекетін орындаудың әртүрлі әдістерімен, алынған мәліметтерді жинау, өңдеу және талдау әдістерімен таныстыру, сонымен қатар мәліметтерді қорытындылау және нәтижені тұжырымдау қабілетін дамытуға бағытталған зерттеушілік әрекетті көздейді. Оқу-әдістемелік зерттеу мектеп оқушылары географияда оқытылатын әдістерге сәйкес келетін әдіс-тәсілдерді қолданатын, жаңа білім мен дағдыларды игерумен шектелмей, шығармашылық процеске өзіндік өзіндік шешімін әкелетін танымдық әрекетті қамтиды. Сонымен бірге олар бұрыннан белгілі болған жаңа сұрақтарды табады, кең ауқымды дереккөздерді пайдаланады және бағдарламалық құралдарға қарағанда жетілген танымдық әрекет әдістерін қолданады. Осыдан келе, мақалада жүргізілетін зерттеудің мақсаты оқу процесінде орындалатын зерттеу әдістерінің тиімділігін талдауды көрсету болып табылады.

Оқыту әдістерін жіктеудің кемшіліктері олардың оқушылардың танымдық қажеттіліктеріне сәйкестігі тұрғысынан да талқыланады. Мақала авторлары әртүрлі географиялық жұмыстар жүргізу арқылы білім алушылардың ақыл-ой дамуын ынталандырудың маңыздылығын атап көрсетеді. Демек, бұл мақала оқушылардың тиімді дамуы үшін білім берудегі инновациялардың маңыздылығын көрсете отырып, географияны оқытудың заманауи тәсілдерін жан-жақты талдауды ұсынады.

Түйін сөздер: география, ғылыми-зерттеу іс-әрекеті, әдістер, білім алушылар, оқыту.

*Якия У.С. *, Карбаева Ш.Ш.*

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

АНАЛИЗ МЕТОДОВ ОРГАНИЗАЦИИ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ГЕОГРАФИИ

Аннотация

В статье обсуждаются актуальные требования к процессу преподавания географии, подчеркивая важность внедрения новых образовательных подходов и технологий. Осно-

вываясь на универсальности дисциплины, авторы подчеркивают важность использования различных методов обучения, таких как исследования, опросы и проектное обучение, для развития познавательной активности и творческого мышления студентов. В статье также подчеркивается ценность вовлечения обучающихся в научно-исследовательскую работу, что позволяет им рассматривать географические проблемы с точки зрения ученых и развивать навыки анализа и самостоятельного мышления. Подробно рассматривается роль научно-исследовательской деятельности в процессе преподавания географии и ее влияние на понимание природы, общества и взаимодействия между ними. Предполагает исследовательскую деятельность, направленную на развитие способности обучающихся при выполнении практических работ знакомить с различными методами выполнения научно-исследовательской деятельности на уроке, методами сбора, обработки и анализа полученных данных, а также обобщать данные и формулировать результат. Учебно-методическое исследование включает в себя познавательную деятельность, в которой школьники используют методы, соответствующие методам, изучаемым в географии, не ограничиваясь приобретением новых знаний и навыков, а привнося в творческий процесс свое собственное решение. В то же время они находят новые вопросы, которые уже известны, используют широкий спектр источников и используют более зрелые методы когнитивной деятельности, чем программные инструменты.

Отсюда следует, что целью исследования, проводимого в статье, является демонстрация анализа эффективности методов исследования, выполняемых в процессе обучения.

Ключевые слова: география, исследовательская деятельность, методы, учащиеся, преподавание.

Yakhiya U^{}, Karbaeva Sh.
Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

ANALYSIS OF METHODS OF ORGANIZING RESEARCH ACTIVITIES OF STUDENTS IN THE PROCESS OF LEARNING GEOGRAPHY

Abstract

The article discusses the current requirements for the process of teaching geography, emphasizing the importance of introducing new educational approaches and technologies. Based on the universality of the discipline, the authors emphasize the importance of using various teaching methods, such as research, surveys and project-based learning, to develop students' cognitive activity and creative thinking. The article also emphasizes the value of involving students in research work, which allows them to consider geographical problems from the point of view of scientists and develop skills of analysis and independent thinking. The role of scientific research in the teaching of geography and its impact on the understanding of nature, society and the interaction between them is considered in detail. It involves research activities aimed at developing the ability of students to familiarize themselves with various methods of performing research activities in the classroom, methods of collecting, processing and analyzing the data obtained, as well as to summarize the data and formulate the result. Educational and methodological research includes cognitive activities in which students use methods corresponding to the methods studied in geography, not limited to acquiring new knowledge and skills, but bringing their own solution to the creative process. At the same time, they find new questions that are already known, use a wide range of sources, and use more mature cognitive techniques than software tools.

It follows that the purpose of the research conducted in the article is to demonstrate the analysis of the effectiveness of research methods performed in the learning process.

Keywords: geography, research activity, methods, learners, teaching.

Негізгі ережелер. Мақалада қазіргі білім беру стандарттарына сәйкес мектеп географиясын оқытуда инновациялық білім беру әдістері мен технологияларын енгізудің маңыздылығы атап өтілген. География пәнінің көп өлшемділігін ескере отырып, автор оқушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылығын дамыту үшін жобалық оқыту, әдебиеттерге шолулар, проблемалық оқыту сияқты оқытудың әртүрлі әдістерін қолданудың қажеттілігін атап көрсетеді. Зерттеу жұмысында оқытудың әртүрлі әдістерінің тиімділігі айқындалады.

Географияны оқытудың заманауи әдістеріне жан-жақты талдау жасалып, білім алушылардың дамуына ықпал ететін білім берудегі инновациялардың құндылығы қарастырылады.

Жалпы алғанда, зерттеу бойынша білім алушылардың аналитикалық және танымдық қабілеттерін арттыру үшін географиялық білім беруге ғылыми-зерттеу әрекеттерін біріктірудің маңыздылығы көрсетіледі. Сондай-ақ өзгермелі білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқытудың инновациялық тәсілдерін қолдануды насихаттайды.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінің оқу процесінде жаңартылған білім беру бағдарламасы қазіргі кезеңде құзыретті, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру және тәрбиелеу үшін жаңа мақсаттар мен құндылықтарды айқындайды [1]. Негізгі мақсат – оқушылардың жалпы мәдени, жеке және танымдық дамуы ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың ЖОО-да білім алуды жалғастыруға академиялық дайындығын қамтамасыз ету үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру және кең ауқымды дағдыларды дамыту негізінде кәсіби өзін-өзі анықтау: сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, топта және жеке жұмыс істей білу, проблемаларды анықтау және шешім қабылдау. Білім берудің қазіргі басымдығы оқушылар мен мұғалімдердің іс-әрекетінің осы түріне көшу болып табылады, онда білім алушы оқу пәні ретінде әрекет етеді, ал мұғалім оқу процесін дұрыс бағытта жүргізетін ұйымдастырушы мен көмекшінің рөлін атқарады, өз бетінше оқу қабілеті сияқты негізгі құзыреттілікті қамтамасыз етеді. Қазіргі мектеп география сабақтарында модельдеуден бастап, олардың жобалау және зерттеу жұмыстарына біртіндеп көшуінен бастап оқушылардың белсенді шығармашылық белсенділігін көздейді. Тиісінше, жалпы білім беретін мектеп оқушыларының қатысуын талдау өзекті және уақтылы бола түсуде.

Қазіргі географияны оқыту үдерісі жаңа білім беру технологиялары мен оқытудағы тәсілдерді талап етеді. Оқыту үдерісінде әдістерді қолдану білім алушылардың танымдық, шығармашылық іс-әрекетке, өз бетінше шешім қабылдауға және зерттеушілік дағдыларын дамытуда маңызды. Білім беру процесіндегі зерттеу, сауалнама, жобалық оқыту, проблемалық оқыту, кейс стади, эксперимент, далалық зерттеу және т.б. әдістер географияны оқыту үдерісін тиімді жүргізуге көмектеседі. География – білім, ғылым, діндер, мәдениеттер, демография, этнография, экология, қоғамдық құрылымдар, көлік және туризмді оқытатын жан-жақты пән болғандықтан, білім алушылардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру әдістерін талдау өзекті болып отыр.

Білім алушыларды оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту – оқытудың құнды тәсілі. Осылайша, оқушыларды әртүрлі мәселелерге ғылыми зерттеулермен айналысатын ғалымдардың көзқарасы бойынша қарастыруға мүмкіндік беріледі. Сонымен қатар, арнайы педагогикалық сөздіктерде «ғылыми зерттеу», «оқытудың зерттеу әдістері», «зерттеушілік іс-әрекет» сияқты терминдердің жиі қолданылуы оларды негіздеудің қажеттігін көрсетеді.

Ғылыми зерттеу әдістеріне, дидактикаға, әдістемелерге қатысты мәселелерді Ш.Ш. Карбаева [2], Ш.Т. Таубаева, А.Б. Нұрғожина, А.А. Бизяева сияқты отандық ғалымдар негіздеді. Осыған байланысты Д.Б. Элькониннің білім беру қызметі туралы теориясын айта кеткен дұрыс. Ол ғылыми зерттеу іс-әрекеттерін ғылыми қағидалар саласындағы әрекет әдістерін қамтитын және қолайлы себептермен туындаған процесс ретінде анықтайды [3]. Географияны оқыту үдерісі – білім алушылардың өздерін зерттеуші ретінде сезініп, жаңа білімді меңгеру, ақпаратпен жұмыс істеу, гипотеза қою дағдыларын дамытатын пән. Бұл сала оқушыларды талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, себеп-салдар байланысын орнату, карта, сызбаларды оқу, әртүрлі көрнекі құралдармен жұмыс жасау сияқты оқыту

әдістерін үйретуге көмектеседі. Пәнді оқытудың жоғары тиімді тәсілі ғылыми-зерттеу әрекеттерін ұйымдастыру болып табылады [4]. Сонымен қатар, географияны оқытуда зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыру, табиғатты, қоғамды және олардың өзара әрекеттесуін түсінуге көмектеседі. Ғылыми зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың маңызы – жобалар мен шығармашылық әрекеттерге, тапсырмаларды орындау барысында ойлап табуға, жаңа нәрселерді түсінуге және меңгеруге, мәнерлілікке, шешім қабылдауға, өзара қолдау көрсетуге көмектеседі.

Зерттеудің мақсаты географияны оқыту үдерісінде білім алушылардың зерттеу іс-әрекеттерінің әдістерінің тиімділігін талдау болып табылады.

Зерттеуді оқыту әдісі ретінде пайдалану тұжырымдамасын б.з.б. V–IV ғғ. ежелгі грек философы Сократ негіздеді. Бұл әдіс Сократтың сұрақ қою және диалог арқылы шындықты іздеудің диалектикалық әдісіне сәйкес келеді. Сондай-ақ, оқушы белгілі бір мәселені зерттеуші ретінде әрекет ететін және өз бетінше шешімін тауып, қорытынды жасауы тиіс мақсатты оқытуды ұйымдастыру идеяларын ағартушылық дәуірінде француз философы Ж.Ж. Руссо қолдады.

«Зерттеу әдісі» терминінің өзін 1924 жылы Б.Е. Райков (1880-1966) ұсынған, ол арқылы ол студенттердің өз бетінше бақылаған немесе эксперименттік іс-әрекетте қайта шығаратын нақты фактілерге негізделген қорытынды жасау әдісін білдіреді.

О.В. Лебедеваның еңбегінде айтылғандай, кез келген оқу-әдістемелік зерттеудің мақсаты білім алумен қатар, білім алушылардың қоршаған дүниені меңгеру дағдысы арқылы, зерттеушілік ойлауын дамыту болып табылады [5].

Ал Н.Ф. Талызина зерттеу деп танымдық әрекет түрлерінің бірі болып табылатын жаңа білімді игеру процесі деп анықтайды. Зерттеу объективтілігімен, қайталанатындығымен, дәлелділігімен сипатталуы керек [6]. А.И. Савенков өз еңбегінде зерттеушілік әрекетті зерттеушілік әрекетке негізделген ізденіс әрекеті белсендірілген кезде әрекет ете бастайтын шығармашылық және интеллектуалдық қызметтің ерекше түрі деп түсіндіреді [7].

Ғылыми-зерттеу қызметін дамытуға өз үлесін қосқан ғалым С.Т. Шацкийдің пікірінше, оқу-ғылыми зерттеулер ізденістің дұрыстығымен анықталатын зерттеудің екі түрінің де кезеңдерін қарама-қарсы қою жолымен жүреді. Білім беру зерттеу кезеңдері ғылыми зерттеу кезеңдерімен салыстырылады, оларға мыналар жатады [8]:


1. проблеманы қою;
2. болжамдар мен гипотезаларды қолдану;
3. жорамалдар мен болжамдарды іздеу, бақылау, тәжірибе және теориялық талдау арқылы жүзеге асыру;
4. мәселені шешу және тексеру;
5. зерттеу жұмысының тексерілген нәтижелерін тіркеу.

Осы орайда, зерттеу объектісі болып табылатын зерттеу әдістері – біздің әлемнің нақты аспектілерін түсінуге арналған жол ретінде қызмет етеді. Ол әртүрлі іс-әрекеттерді, және процедуралар мен жүйелі тәсілді қамтиды. Географияны оқыту үдерісіндегі зерттеу әдістері екі жақты мақсатты көздейді – мектеп оқушыларында жаңа білім алу және белгілі бір дағдыларды қалыптастыру. 1930 жылдардан бастап ақпараттың шығу тегі бойынша білім беру әдістерін жіктеу танымал болды [9].

Сонымен қатар, оқыту әдістерін білім көздері бойынша жіктеу әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бағытталған. Бұл жіктеудің елеулі кемшілігі ретінде әдістер оқушылардың танымдық іс-әрекетінің сипатын ескермей, сыртқы белгілерімен ерекшеленетінін атап өту керек. Әрбір дереккөзбен жұмысты әртүрлі құрылымдауға болады. Мысалы, картаны мұғалімнің әңгімесін суреттеу немесе географиялық объектілердің орнын көрсету үшін пайдалануға болады. Бұл жұмыстарды жүргізу балалардың ақыл-ой қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу жүргізу барысында, бірінші кезеңде зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың маңызы мен білім беру үдерісінде қолданылатын зерттеу әдістерінің түрлері және оқушы мен мұғалімнің іс-әрекеттерін қарастырылды. Екінші кезеңде зерттеу мақсатына жету үшін талдау және синтездік әдістер қолданылды. Талдау әдістері зерттеу нысанын оның құрамдас элементтеріне бөлуді, сондай-ақ айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтау үшін салыстырмалы талдауды қамтиды. Оның ішінде отандық және шетелдік ғалымдарының еңбектеріне талдаулар жүргізілді. Үшінші кезең ретінде атап өтетін болсақ, синтез әдісін қолдану барысында, алынған деректер мен талдау қорытындылары негізінде жаңа тұжырымдамаларды әзірлеу үшін модель құру үшін қолданылды. Бұл тәсіл зерттелетін мәселені тереңірек түсінуге және тиімді шешу стратегияларын әзірлеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылаулар. Жүргізілген зерттеу материалдары мен олардың әдістеріне сүйене отырып, нәтижелерді талдау жұмыстарын жасау маңызды. Жалпы, зерттеу сұрағына жауап алу мақсатында ұйымдастырылған сауалнама жұмысына жалпы саны 44 мұғалім қатысты. Мұғалімдердің берген жауаптарына байланысты, белгілі бір пікірлер қалыптасты. Сауалнаманың бірінші сұрағы ретінде, зерттеу қызметінің қандай түрлерін жиі қолданатынын анықтау мақсатында жауаптар жинақталды (сурет - 1).




Сурет - 1. Зерттеу қызметінің қолдану түрлері

